



22 сәуір, сенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

2 Өнімі бойға қуат, дертке дау



3 Тәрбиедегі түйткілдерді қалай шешеміз?



7 Жүргеновтер отбасының трагедиясы



8 Қаламгер құрмет төрінде



ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті жерлестер!

Сіздерді Ораза Айт мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Айт қабыл болсын, ағайын!

Сыр өңірі — бейбіт те берекелі, имандылық пен жасампаздықтың мекені. Діни сенімге құрмет, адамгершілік құндылықтарыға бай аймақта ортақ мүддеге жанасқан жақсы дәстүр мол. Ұлт мерейіне берік халқымыз Айт игілігін ізгі жол ретінде қабылдайды. Ниеттеріңіз қабыл, мұраттарыңыз асыл болсын!

Мұсылман үшін маңызды мерекеді әрбір шаныраққа бақ пен береке, бірлік пен татулық тілеймін.

Құрметпен, облыс әкімі Нұрлыбек НӘЛІБАЕВ



ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ

СЫР БОЙЫНАН – СОЛТҮСТІККЕ

Еңбек нарығында тиімді экожүйе қалыптастыру туралы Президент Жолдауында айтылған тапсырманың орындалуы қалай? Негізгі экожүйені өзгертетін адамдар. Мәселен, республиканың оңтүстігінде халық тығыз орналасқан. Ал теріскейдегі миллиондаған гектар шұрайлы алқапты игеруге қол күші қажет болып тұр. Мұнда халық жұмыс таппай қиналса, ол жақта жұмыс күшінің тапшылығы байқалуда.

Әкім Ақтілек БІТІМБАЙ, «Сыр бойы»

Бір ғана мысал, солтүстіктегі білім ошақтары оқушы санының жетіспеуіне байланысты жабылып, уақытында дәулеті тасыған елді мекендер қанырап бос қалып жатыр. Мәселен, былтыр Солтүстік Қазақстан облысында 7 мектеп жабылған. Түптеп келгенде, шекарадағы ауылдардың қанырауы ел қауіпсіздігіне әсер етеді. Себебі бос жатқан ең далаға базбіреулер көз тігуі мүмкін.

Кейінгі жылдары Үкімет ішкі миграцияны тиімді үйлестіріп, мәселені шешуді қолға алды. Сәл артқа шегініс жасасак, 2017-2021 жылдары «Еңбек» бағдарламасы аясында солтүстікке көш түзеп, халық тығыз оңтүстіктегі ағайынды орналастырды. Сөз жоқ, көшін солтүстікке түзейтін азаматтарға бірқатар жеңілдік қарастырылған. Көшудің жол шығынын өтейді, баспанамен қамтамасыз

етеді, жұмысқа орналастырады, тағысын тағы. Бірақ кері қайтқандар да аз емес. Содан бұл бағыттағы жұмыс күшейтіле түсті.

Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында еңбек ресурстарының тапшылығы бар өңірлерде Үкіметке көші-кон үдерісін басқару үшін пәрменді шаралар қабылдауды тапсырды. Бұл бойынша Үкімет «Қуатты өңірлер — ел дамуының драйвері» ұлттық жобасын қолға алған еді. Тапсырма негізінде оңтүстік өңірдің халқын солтүстікке көшіруді қалыптастыруға бағытталған жұмыстар қарқынды жүргізілуде. Бір білеріміз, кейінгі бес жылда Сыр бойынан солтүстікке 1053 адам, яғни, 348 отбасы қоныс аударған. Оның ішінде Костанай, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды, Ұлытау және Абай облыстары бар.

КӨШТІҢ ЖАЙЫ КӨҢІЛ КӨНШІТЕ МЕ?

Қоныс аударғандардың көбі ауылға барып, екі қолға бір күрек тапқан. Бізге бұл туралы облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Жанар Дәулетбаева баяндап берді.

— Облыстан солтүстік өңірге қоныс аудару басталғалы бірнеше жыл болды. Мәселен, өткен жылы 158 адам, яғни, 48 отбасы қоныс аударып, оның 221-і тұрақты жұмыспен қамтылды. Алты адам жеке кәсіпін ашса, екі адам ақылы қоғамдық жұмысқа жолданды. 9 адам мемлекеттік грант алса, 1 адам қысқа мерзімді оқудан өтті. Ал биыл теріскейге 38 отбасы қоныс теуіп, оның ішінде 45 адам тұрақты жұмыспен қамтылды. Бір адам кәсіпкерлікпен айналысуда. Бұдан бөлек, 19-21 сәуір аралығында облыста Солтүстік өңірлердегі жұмыс берушілердің қатысуымен «Солтүстік өңірлердің жәрмеңкесі» атты кездесулер өтті, — делі ол.

Бұл ақпаратты Костанай, Павлодар, Ұлытау және Абай облыстарынан келген жұмыспен қамту басқармасының мамандары үстей түсті.

2-бет



ЕНДІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗ АВТОБУСЫ БАР

Бала өмірі мен оның қауіпсіздігі әрдайым бірінші орында. Шалғай жерде тұратын оқушылардың мектепке арнайы автобустармен қатынағаны дұрыс. Былтыр Балалар жылы аясында елімізде бастауыш мектебі ғана бар ауылдардың балаларын жақын маңдағы білім беру ұйымдарына қауіпсіз тасымалдау үшін 515 жаңа автобус сатып алынатыны айтылған болатын.

Әкім Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»



Жаңа автобустардың алғашқы легі өңірге келе бастағанын естіген ата-аналар қуанып қалды. Осы ретте облыстық білім басқармасының баспасөз хатшысы Бекбол Қаратайұлынан ақжолтай жаңалық жайлы сұраған едік. — Облыс әкімінің қолдауымен аймағымыздағы ауыл мектептерінің көліктері 30 жаңа автобуспен толығымен жеткізім келеді. Бұл балаларды мектепке және үйлеріне қауіпсіз тасымалдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бүгінгі күні жаңа 30 автобустың 12-сі қалаға жеткізілді. Айдан аяғына дейін қалған 18-і әкелініп, мектептерге

пайдалануға беріледі, — делі ол. Балаларға арналған көліктер облыстық білім басқармасы мен «Өнеркәсіпті дамыту қорының» келісім-шарты негізінде қаржылық лизинг бағдарламасы бойынша жеңілдікпен алынууда. Елімізде құрастырылған автобустар 20 және 40 орынға шақталған. Оның техникалық сипаттамалары барлық талаптарға сәйкес келеді. Қауіпсіздік белдіктері, апаттық шығу есігі, жылдамдық шектегіштер мен сәйкестендіру белгілері бар. Автобуста бала қалған жағдайда белгі беретін жүйемен қамтылған.

ӨРКЕН

Сол жағалаудағы серпін: ҚАН ОРТАЛЫҒЫ

Кейінгі уақытта Сыр өңірінде медициналық нысандар құрылысы ерекше қарқын алды. Солардың қатарында өткен жылы іргетасы қаланған, қаланың сол жағалауында орналасқан Қан орталығы бар. Нысанның жобалық құны — 2,5 млрд теңге. Бас жобалаушы — «Крез-Сервис» ЖШС. Ал мұндағы жұмыстың уақытылы әрі сапалы бітуіне жауапты — «СК Дәнекер» ЖШС. Өткен жылы құрылысты бастаған мердігер мекеме биыл жұмысты жалғастыруда.

Әкім Ақтілек БІТІМБАЙ, «Сыр бойы»

2-бет



Суреттерді түсірген Н.НУРЖАУБАЙ

БІЗДІҢ АУЫЛ


ҚЫРАШТЫҢ ДАМУЫ КӨҢІЛ ТОҒАЙТАДЫ

Қырашқа барар жол «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» автобанынан басталады. Жаңақорғанға қарасты, аудан орталығынан 30 шақырымда жатқан ауылға үлкен жолмен барып, тау беткейге, яғни, оңға бұрыласыз. Иә, созылып жатқан Қаратаудың соңғы сілемдерінің іргесіне қоныс теуіпті бұл жұрт. Айтпақшы, Қырашқа кіреберіс жолдың былтыр жөнделгенін естігенбіз. Айтса, айтқандай екен. Барлығы төрт шақырым болатын аудандық маңыздағы жол 35 жыл бұрын салынған, 1988 жылдан бері жөнделмепті. Екі жыл бұрын аудан бюджетінен қаржы бөлініп, былтыр күздің басында ғана асфальт төселгенін білдік. 127 млн теңгеге жуық қаржы осы құрылысқа кеткен. Қазір жолдың кеңейіп, толығымен тегістелгенін байқайсыз.

Қыраштағы екінші жаңалықтың жөні тым бөлек. Бұл — тұтас ауыл халқының қуанышы десек те болады. Былтыр Қыраш пен көршілес Бірлік ауылына газ құбыры тартылды. Қос ауылға 680 млн теңгеден астам қаржы бөлінген еді. Ал биыл 70 млн теңгеге жуық қалған қаржысы игерілмек. Бұл жобаны іске қосу межеленіп отыр. Нәтижесінде Бірліктегі 423, Қыраштағы 134 шаңыраққа «көгілдір отын» барады. Бұған 11 әлеуметтік ғимаратты қосыңыз.

Әкім Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

5-бет





ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ЦЕМЕНТ ЗАУЫТЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Гезуба Групп Цемент» компаниясының басшылығын қабылдады.

Компанияның Бас директоры Ян Дан жұмыс қорытындысы мен алдағы уақытта межеленген жоспарларды баяндады. Бүгінде зауыт

толық қуатымен іске қосылған, 1 млн тоннадан астам 6 түрлі өнім шығарып, аймақ экономикасының дамуына үлес қосып келеді.

Аймақ басшысы кәсіпорын жұмысына сәттілік тілеп, өз тарапынан тиімді әріптестік орнатып, өндірістік жобаларға қолдау көрсетуге әзір екенін жеткізді.

Сол жағалаудағы серпін: ҚАН ОРТАЛЫҒЫ

— Қан орталығының құрылысын быттыр тамыз айында басталды. Қыста құрылыста 30 адам жұмыс істеді. Ауа райының қолайсыздығына байланысты жұмыс баяулаған болатын. Күн жылынғасын қайта қарқын алды. Қазір мұнда 60 адам еңбек етуде. Барлығы — жергілікті тұрғындар. Айлық 130–170 мың тенге аралығында. Жаз айларында жұмысшы санын 180–200-ге дейін көбейтпекпіз, — деді «Дәнекер құрылыс компаниясы» ЖШС-ның атқарушы директоры Жолан Спанов.

Айта кету керек, жоба барысында қолданылатын құрылыс заттарының 90 пайызы — қазақстандық өнім. Мәселен, тас, гравий, шебен, цемент, кірпіш, жабынды плиталар жергілікті өндіруші зауыттардан алынады. Ал арматура сияқты облыста өндірілмейтін заттар тапсырыс бойынша сырттан әкелінеді. Мердігер мекеме мамандары жұмысты еңсеруге техника жеткілікті екенін айтып отыр.

Үш қабатты ғимарат заманауи архитектуралық талаптарға сай салынууда. Бүгінге дейін бас корпусы (А және Б блогы) жерасты жұмыстары толық аяқталған. Қос блоктағы бөлмелердің қабырғалары темір бетоннан құйылып, жабынды плиталары монтажданыпты. А блогындағы 1-2 қабаттың бағаны мен

ригельдері бетоннан құйылса, В блогындағы 1-2 қабат толық кірпіштен өріліпті. Тағы бір біткен іс — электр қуатының трансформаторлық подстанциясы. Ол да толық салынып, қашықтығы 2,3 шақырым болатын жоғары кернеулі кабелі екі желімен жүргізілген.

Құрылыс басында атқарылып жатқан қазіргі жұмыстар туралы учаске басшысы, Қазақстанның құрметті құрылысшысы Қалдыбек Әбдіреєв баяндап берді.

— Дәл қазір А блогындағы 3-қабат бағаналарының арматуралары тоқылуда. Б блогындағы 3-қабат қабырғаларының кірпішін қалап, терезелерін салып жатырмыз. Сонымен қатар, бес көлікке арналған гараждың қабырғалары қаланып, плиталары жабылды. Осылай өзегін тұрғызсақ, алдағы уақытта ішкі-сыртқы жұмысына кірісеміз. Сыртқы бөлігі травертинмен қапталатын болады. Жалпы барлығы талапқа сай, арнайы мекемелердің жіті қадағалауында, — деді тәжірибелі маман.

Қан орталығы — Қызылорда облысының әлеуметтік инфра-құрылымын дамыту бағдарламасы аясында жүзеге асып жатқан кезекті жоба. Аталған нысан қолданысқа берілгенде Сыр медицинасына елеулі үлес қоспақ.

СЫР БОЙЫНАН — СОЛТҮСТІККЕ

Топ мүшелерінің айтуынша, солтүстік өңірлерде 3000-ға жуық экономиканың әртүрлі салалары бойынша бос жұмыс орны бар. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығы, білім, денсаулық, зоотехник, механизатор, техника қауіпсіздігінің инженері, инженер-механик, көмір және цемент зауытының машинисі, электр газбен дәнекерлеуші, орау машинасының операторы, ағаш және жиһаз өндірісінің шебері, кенпрофильді станокшы, техник, аспаз, жүргізуші, автоэлектрик, дәнекерлеуші, іс жүргізуші, аудармашы, бухгалтер, ветеринарлық санитар және тағы басқа.

Ақпарат көздеріне сүйенсек, солтүстік облыстарға көшіп барғандардың 60 пайызы ауылдық округтерді таңдапты, 40 пайызы аудан орталықтары мен қалаларда қоныс тепкен. Мамандардың айтуындай-ақ екен, қоныс аударушылар негізінен солтүстік аймақтардағы кәсіпорындар мен ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, білім беру және қызмет көрсету ұйымдарындағы жұмыстарға орналасқан.

Жасыратыны жоқ, буынып-түйініп жылы жақтан суық жаққа жолға шыққандардың бәрінің жолы болды деу қиын. Олардың арасында түрлі мәселемен қайта оралғандар бар. Қолайсыз ауа райына үйренісе алмағандар қаншама?! Мұны Жанар Жұмабекқызы өзі айтып берді.

— Жалпы үйренген жерден қоныс аудару оңай емес. Бұған өзге факторларды қосыңыз. Мысалы, кейінгі бірнеше жылда қоныс аударған 8 отбасы ауа райының қолайсыздығына, денсаулығына байланысты қайтып келді, — деді ол.

Алайда айта кету керек, көшкендердің бәрінің хал-жағдайы анау айтқандай мүшкіл де емес. Себебі әр ауылдың әлеуметтік ахуалы, орналасқан жері алуан түрлі. Оның ішінде баспаналы болып, жұмыспен қамтамасыз етілгендердің үлесі көп.

Быттыр Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі кейінгі бес жылда еліміздің солтүстігіне 60 мыңнан аса отбасы қоныс аударғанын хабарлаған болатын. Ондағы мамандардың болжамына сенсек, алдағы 4-5 жылда Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Қостанай және Шығыс Қазақстан облыстарының халқы 200 мыңға жуық адамға көбейеді. Олай бола келе, солтүстік өңір сөзсіз қазықыландар еді.

БАСПАНА ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

Әрине, солтүстікке көшкен қазақты мазалаған мәселенің бірі — баспана. Баспанасы болмаса, бейтаныс өңірге кім барсын?! Оны жоғарыда айттық. Бірақ барғандардың көпшілігі жұмыс тауып,

1-бет

жаңа ортаға үйренісіп кеткен. Осы ретте бағдарлама бойынша Сыр бойынан көшіп, Павлодарға қоныс тепкен жерлестеріміз, жас отбасы Қанат Сейдахметов пен Дилар Есен былай деді:

— Біз мұнда 2021 жылы қантарда қоныс аудардық. Бірақ ешқандай бағдарламаны білмедік. Тек солтүстікке қоныс аударғандарға қолдау жасалатынын естіп, Павлодар облысы Ертіс ауданынан бір-ақ шықтық. Келген соң бағдарлама аясында көмек алдық. Әуелі жаңадан қосарланып салынған екі бөлмелі үйге орналастырды. Үй 5 жылсыз атыңа өтпейді. Сатып алсақ, мемлекет жарты ақшасын төлеп береді. Өйтпесек айына 7 мың тенге төлеп, қалағанымызша тұра береміз. Бұл — бір. Содан соң 204 мың теңгеден жан басына ақша берді. Әйелім және 4 балам бар. Әуелгіде жұмыс жайы кішкене қиындық тудырды. Бірақ оның бәрін еңсердік. Менің мамандығым — аспаз, келіншегім — психолог. Әуелгіде мамандыққа сай жұмыс істедік. Ал биыл мемлекет тарапынан қайтарымсыз несие алып, шағын кафе аштық. Мұнда келуіміздің тағы бір себебі осы еді. Қызылордада кафе бизнесінде бәсекелестік көп. Ал мұнда еңсерілмей жатқан сала көп. Қызылордада 10 жылда жете алмаған мақсатыма, мұнда аз уақытта жеттім. Тек мұнда 9 ай қыс болады екен. Тіпті жазда да от жағып отырамыз кейде. Қиыны сол, бұл жақта газ жоқ. Отын жарып, көмір тасып, күл шығарасыз. Тек соған төзсе, қалған жағынан мәселе жоқ. Жұмыс жетеді, кәсіп ашам деген жанға мұнда жақсы көмектеседі, — дейді Қанат.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мамандары мемлекет тарапынан көрсетілетін көмектен бөлек, кейбір шаруашылықтар көшіп барғандардың қорасына мал кіргізіп, отын-су, жем-шөбін түсіріп, көмек көрсетіп жатқанын айтады. Осының арқасында онтүстіктен көшіп барғандар солтүстікке тез сініп, тұрақтап қалады.

Дегенмен, қанырап қалудың алдында тұрған ауылдарға жұмыс күшін тарту оңай болмай тұр. Осы орайда Павлодар облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы көші-қон бөлімінің басшысы Нұрлан Әшімовті сөзге тарттық.

— 2017 жылдан бері біздің өңірге 15 мыңға жуық адам келді. Қоныстанушылар көбіне ауылдық жерге тұрақтап жатыр. Өйткені бізде мұғалім, дәрігер, ауыл шаруашылығы мамандары тапшы. Әсіресе, ауылдардың жағдайы қиынға соғып тұр. Биыл 4 айда Павлодар облысына Сыр өңірінен 42 адам қоныстанды. Кешелі бері «Солтүстік өңірлердің жәрменкесі» өтуде. Қуантқаны, қазірдің өзінде 30 адам Павлодарға баруға ынта білдіріп отыр, — деді ол.

Рас-ақ, мұнда барып тез аяқтан тұруға болады. Әсіресе, солтүстікке көшу — екі қолға бір күрек таппай жүргендер үшін таптырмас ұсыныс. Бұлай деуімізге де нақты себеп бар.

— Мен «Серпін» бағдарламасымен 2017–2021 жылдары Павлодар педагогикалық мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, тарих пәнінің мұғалімі мамандығын алып шықтым. Сол жылы «Еңбек» бағдарламасымен Успен ауданы Ольгино ауылында орналасқан М.Мәметова атындағы орта мектепке мамандығым бойынша жұмысқа орналастым. Араға бір жыл салып, 2022–2023 оқу жылы мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары болып тағайындалдым. Мұндай тез нәтиже көрсетуіме еңбекпен қатар, кадр жеткіліксіздігін қосуға да болатын шығар. Қазірдің өзінде бізде бастауыш сынып және ағылшын тілі мұғалімі жеткіліксіз, — дейді жас маман.

КӨШКЕН ЖҰРТҚА ЖАСАЛАР ЖӨРДЕМ

Шынында, ел билігі көшкен жұртты қолдауға барынша жағдай жасауда. Жанар Дәулетбаеваның айтуынша, әрбір отбасы мүшесіне бір рет 70 АЕК мөлшерінде көшуге материалдық көмек беріледі. Мұнан өзге, тұрғын үйді сатып алуға, салуға немесе алғашқы жарна ретінде пайдалануға тұрғын үй құнының 50 пайызын төлеп береді. Алайда алынған үй 4 миллион теңгеден аспауы қажет. Сондай-ақ, қоныс аударушының отбасына, оның ішінде жалғызбастыларға жыл бойы ай сайын тұрғын үйге және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге материалдық көмек беріледі.

Бір ескерте кететін жайт, бағдарлама арқылы жұмыс күші тапшы өңірлерге қоныс аударған отбасылар жаңа мекенде кемінде 5 жыл тұруға міндетті.

27 МЫҢ АДАМ ҚОНЫС АУДАРМАҚ

«Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы арқылы 2017–2021 жылдар аралығында солтүстікке қоныс аударғандарға үй алу, пәтер жалдау, субсидия бөлуге мемлекеттен 20 миллиард теңгеден астам қаржы жұмсалған.

Ал бытырдан бастап «Қуатты өңірлер — ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы қарқынды жүргізілуде. Мамандардың айтуынша, 2022–2026 жылдар аралығында солтүстікке тағы 27 мыңнан астам адам қоныс аударалы.

Әрине, солтүстікке көшу-көшпеу әркімнің өз еркінде. Дегенмен алыстан ат терлетіп көшке ілесіп келгендерге солтүстіктің дайындалған сыбағасы аз емес. Жайлы жағдай мен мол мүмкіндіктер есігі айқара ашылса, солтүстігін де жылы көрінбей ме?



Көшпелі қазақ ертеден киелі санаған төрт түліктің ұлығы бұл. Түйені айтам-дағы. Бабаларымыз көшік-қоннан бөлек, мұның өзге пайдасы барын білді. Бар жақсыны бойына жиған жануардың біріншіден, етің қорек етсек, шұбаты мен шудасының денсаулыққа шипасы екібастан белгілі. Содан шығар, ілгері заманда қазақ байлары үш мың басқа дейін түйе айдаған. Қазір де өсіретіндер көп. Әсіресе, кейінгі жылдары облыста өсім бар. Аралдың қыр бетіндегі көп ауылда бағылады. Қазалыда да солай.

КӘСІП ПЕН НӘСІП

ӨНІМІ БОЙҒА ҚУАТ, ДЕРТКЕ ДАУА

Қазалы ауданына қарасты Арықбалық ауылдық округіне аялдағанбыз. Қазақ тарихында сыртқы отаршыл жауға қарсы шыққан, Сырдың төменгі ағысындағы көп елге қамқор болған бабамыз Жанқожа батыр атын иемденген ауылдан жас буынға үлгі болатын жаналық көрдік.

Осы ауылдың тұрғыны Гүлбану Әлиева быттыр күзде «Агробизнес» мемлекеттік бағдарламасымен «Сыр-дария-1» несие серіктестігі арқылы 11 млн 400 мың теңге қаражатқа қол жеткізіпті. Оған жақын ауылдардан 14 бас аналық түйе және бір тайлақ сатып алған.

— Өзім 2011 жылы көрші Бекарыстан би ауылынан келін болып түстім. Келген жерім мал ұстап, атақөсіппен айналысады. Сондықтан осындағы анамның тәрбиесімен үй шаруасына төселіп, біраз нәрсені білдім. Сиырдан бөлек, түйе саууды да осында жүріп үйрендік. Оған атам мен енем көп көмектесті. Қанша дегенмен мал танитын әрі тәжірибесі бар кісілер ғой. Мойындауымыз керек, қазір ауылда тұратын келіндер сиыр, түйе

сауа бермейді. Сүт өнімдері дүкенде де толып тұр. Содан алғанды тәуір көреді, бірақ олар табиғи емес қой, — деп ағынан жарыла өңгімесін бастады Гүлбану.

Оның айтуынша, алғаш келін болып түскенде үйде жалғыз түйе болыпты. Кейіннен біртіндеп көбейген. Бүгінде пұлдап алғаны бар, бұрыннан келе жатқанын қоса есептегенде 30 шақты басқа жеткен. Биыл жеті інген боталапты, буазы да баршылық. Жас кәсіпкер түйені өзі сауып, шұбатын аудан орталығына өткізеді. Солай табыс тауып жүр.

— Қазір көктем, алдағы жаз айында күніне екі-үш рет саууға болады. Шұбатқа тапсырыс көп. Аудан орталығындағы немесе ауылдағы ағайын той мен асқа сатып алады. Жолдасым мал дәрігері болып жұмыс істейді. Түйеге уақытылы екпе салу, ауырған жағдайда ем-дом жасау — сол кісінің мойнында. Жалпы мұны отбасылық кәсіп десек те болады. Алдағы уақытта өз ауылымыздан екі-үш адамды жұмысқа алмақпыз, — дейді ол.

Атақөсіпті жандандырып, оны

табыс көзіне айналдырған Гүлбанудың алдағы жоспары — түйе түлігін әлі де көбейту. Өйткені, оның етіне де, шұбатына да сұраныс тым көп. Ал жүнін қыста ең қажетті сырт киімдер, сондай-ақ бөкебай, шарқат, белдік, шұлық тоқу үшін іздейтіндер жеткілікті. Көрпе-төсекке мақта орнына салады. Түйе шудасының жылуынан бөлек, емдік қасиеті бар. Шыққан не сынған сүйектің бітуіне тез әсер етеді. Оның буын, құян, бүйрек аурулары, радиация сәулелеріне қарсы қасиетін ғалымдар мойындап отыр. Жалпы түйе жүнінен істелген қай өнімнің де бағасы тым жоғары екені белгілі.

Айта кету керек, Қазалыда жыл басынан бері 351 шағын және орта кәсіпкерлік тіркеліп, барлығы 6472 бірлікті құрап отыр. Ауданда сауда айналымын және өндіріс түрлерін ашу, дамыту үшін түрлі қаржы ұйымдары тарапынан 618 млн теңгеден асатын қаржыға 95 жобаға несие беріліпті. Ал жыл басынан бері 3 кәсіпкерлік нысан ашылып, 16 адам жұмысқа орналасқан.

Қазалы ауданы

Сыр медицинасындағы маңызды қадамдар

Мемлекет басшысы былтырғы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ел. Берекелі қоғам» атты Жолдауында ұлт саулығына басымдық беріп, медициналық инфрақұрылымды жақсарту, әсіресе, ауылдық жерлердегі денсаулық сақтау қызметін дамыту жөнінде айтып, бұл бағытта ұлттық жобаны жүзеге асыруды тапсырды. «Еліміздің басты құндылығы – адам. Бұл – айқын нәрсе. Сондықтан, ұлттық байлықты тең бөлу және баршаға бірдей мүмкіндік беру – реформаның басты мақсаты. Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды. Үкіметке денсаулық сақтау саласын және жалпы әлеуметтік саланы қаржыландыру жүйесін қайта қарауды тапсырамын. Мен келесі жылдан бастап ұлттық жобаны жүзеге асыруды тапсырдым. Бұл құжат, ең алдымен, ауыл тұрғындарының сұранысын қанағаттандыруға арналған» делінген Жолдауда.

СБ Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Жалпы елімізде, оның ішінде біздің облыста денсаулық сақтау саласын дамыту бағытында көптеген жұмыстар атқарылуда. Әсіресе, ауылдық жерлерде медициналық қызметтің сапасы мен қолжетімділігін арттыру үшін ауқымды істер қолға алынды. Атап айтсақ, Қазалы ауданы Әйтеке би кентінде республикалық бюджет есебінен 2,3 млрд тенгеге 80 мыңнан аса тұрғынға қолжетімді және жоғары сапалы бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін 250 келушіге арналған емхана құрылысы аяқталды. Былтырғы наурыз айында медициналық ғимараты жоқ шалғай елді мекендерде 2 медициналық бекет іске қосылды. Айта кету керек, былтыр сала жұмысы негізінен «Дені сау ұлт: әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасы аясында атқарылды. Мақсаты – аты айтып тұрғандай, әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтауды қамтамасыз ету. Жобадан күтілетін нәтиже – азаматтардың өмір сүру ұзақтығын 71,37 жастан 2025 жылы 75 жасқа дейін ұлғайту. Медициналық қызметтердің сапасына халықтың қанағаттану деңгейін 53,3%-дан 2025 жылға дейін 80%-ға дейін арттыру. Бүгінде осы бағытта жоспарлы жұмыстар жүзеге асырылуда.

САЛАНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Қаржыдан қағажу көрмейтін саланың бірі осы – денсаулық сақтау саласы. Бұлай болуы заңды да. Себебі дені сау адам елінің ертеңі, ұлтының болашағы болмақ. Осы орайда облыста саланы қаржыландыру жыл сайын артпаса, азайған емес. Мәселен, былтыр 98 034,5 млн тенге қаржы қаралды. Оның ішінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне 52491,2 млн тенге, міндетті медициналық әлеуметтік сақтандыруға 36769,1 млн тенге және денсаулық сақтау басқармасы арқылы өзге де шығындарға 8774,2 млн тенге бөлініп, игерілген. Ал биылға 102810,3 млн тенге жоспарланған. Оның ішінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне 54124,5 млн тенге, міндетті медициналық әлеуметтік сақтандыруға 37269,2 млн тенге және денсаулық сақтау басқармасы арқылы өзге де шығындарға 11416,6 млн тенге қарастырылған.

ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРМЕН ҚАМТУ

Тұрғындарға сапалы қызмет көрсетуде емдеу, алдын алу ұйымдарының заманауи медициналық құрал-жабдықтармен қамтылуы маңызды. Бүгінде медицина сәт сайын дамып жатыр. Ауруды емдеудің түрлі заманауи әдіс-тәсілдері енгізіліп, дәл диагноз қоюға мол мүмкіндік беретін қуатты құрылғылар шығарылған. Тек тілін тап та, қалағанынша қолдана бер! Қазіргі кен қолданыстағы МРТ, КТ аппараттары, жылжымалы медициналық кешендер сол – техника жетістігі. Аймақтың денсаулық сақтау саласын да жыл сайын заманауи құрал-жабдықтармен жабдықтау жолға қойылған. Мәселен, былтыр бұл бағытта жалпы сипаттағы трансферттер есебінен 1523,9 млн тенге қаражат



қаралды. Бөлінген қаражаттан 536,8 млн тенгеге Қармақшы және Шиелі аудандық ауруханаларына компьютерлік томограф, №3 қалалық емханаға, Арал және Жанакорған аудандарына ауруханаларына 443,9 млн тенгеге видеоэндоскопиялық жүйе, қалалық орталық емханаға 36,5 млн тенгеге цифрлы стационарлық флюорографиялық рентген аппараты, №3 қалалық емханаға 48,1 млн тенгеге радиологиялық рентген жүйесі, №5 қалалық емханаға 49,5 млн тенгеге маммографиялық рентген жүйесі аппараттары қойылды. Жалпы былтыр медициналық ұйымдарға 179 құрал-жабдық сатып алынған. Нәтижесінде жабдыкталу деңгейі 77 пайыздан 83,4 пайызға көтерілді. Одан бөлек, облыстық жедел жәрдем стансасына лизинг арқылы 20 санитарлық автокөлік алынды. Осының нәтижесінде құрал-жабдықтармен және санитарлық автокөліктермен жабдыкталу 100%-ға жетті. Сондай-ақ, ұжымдық иммунизацияны қалыптастыру барысында КВИ-ге қарсы вакциналау жұмыстарын жоғары деңгейде ұйымдастырған медицина ұйымдарына компьютер жинақтарын, дизельді электр-генератор және медициналық бұйымдар сатып алу үшін жергілікті бюджет есебінен 199 млн тенге қаржы бөлініп, игерілді. Оған қоса жергілікті бюджет есебінен облыстық перинаталдық орталыққа қазандық жабдықтарын,

бактериологиялық анализатор аппаратын және трансформаторлық қосалқы станциясын алуға 84,6 млн тенге, облыстық онкология және Қазалы ауруханасына санитарлық автокөлік алуға 24 млн тенге қаржы қаралды. Ал облыстық психикалық денсаулық орталығына ассенизатор және автобус автокөліктерін алуға 57,7 млн тенге, қалалық орталық емханаға компьютер алуға 38,7 млн тенге бөлінді. Қазалы ауруханасына лизинг арқылы 1 жылжымалы медициналық кешен сатып алынды. Ал биыл республикалық бюджеттен 3,5 млрд тенгеге медициналық бұйымдар сатып алу көзделуде.

МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ

Бастапқы медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру үшін жаңа емханалар құрылып, елді мекендерде бір-қатар дәрігерлік амбулаториялар ашылды. Атап айтқанда, былтыр маусым айында орталық қалалық емхана қолданысқа берілді. Оған 33 815 тұрғын тіркеліп, №1, №3 және №6 қалалық емханалардың жүктемесі азайды, денсаулық сақтау желісі нормативке сәйкестендірілді. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Жалағаш ауданы Таң ауылында дәрігерлік амбулатория іске қосылды. Жоғарыда Президент ден-

саулық сақтау жүйесін дамытудың ұлттық жобасын әзірлеуді тапсырғаны жөнінде айттық. Осы орайда «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық ұлттық жобасы әзірленді. Жоба аясында облыс бойынша ауылдық инфрақұрылымды дамытуға бағытталған жалпы құны 9,7 млрд тенгеге 27 нысан құрылысының тізімі бекітілді. Денсаулық сақтау министрлігіне жолданып, қолдау тапты. Олардың қатарында 24 дәрігерлік амбулатория, 2 фельдшерлік-акушерлік бекет, 1 медициналық бекет құрылысы бар. Одан бөлек, жалпы 6,5 млрд тенгеге болатын 15 дәрігерлік амбулатория және 1 медициналық бекет құрылысының жоба-сметалық құжаттамасы әзірленіп, сараптама қорытындысы алынды. Нысан құрылысына жер учаскесі бөлініп, инженерлік инфрақұрылымы жүргізілген. Аталған 16 нысанның құрылысы биыл басталады деп күтілуде.

Ал қалған 9 дәрігерлік амбулатория (Арал ауданы: Тоқабай, Жалағаш ауданы: Каракеткен, Шиелі ауданы: Ортақшыл, Тәжібаев, Тартоғай, Бестам, Алмалы, Жанакорған ауданы: Талап, Әбдіғаппар) құрылысы мен 2 фельдшерлік-акушерлік бекет (Қармақшы және Қуандария) құрылысының жоба-сметалық құжаттамасы әзірленіп, сараптама қорытындысын алу осы жылға жоспарланған. Қазір жер учаскелеріне алдын ала жер таңдау актісі алынған.

Сонымен қатар, Арал, Қазалы аудандарында 25 төсектік, Шиелі ауданында 30 төсектік жұқпалы аурулар бөлімі құрылысының жоба-сметалық құжаттамасы әзірленіп, сараптама қорытындысын алу жоспарланған, жер учаскелерін таңдау актісі алынған. Арал және Қазалы ауданына қарасты шалғай елді мекендерде 2 медициналық бекет ел игілігіне берілді. Жергілікті бюджет есебінен 71,2 млн тенгеге апатты жағдайдағы Сырдария ауданы Шіркейлі ауылындағы дәрігерлік амбулатория ғимараты күрделі жөндеуден өткізілді. Қызылорда қаласында жылына 5000-10000 жоспарлы донорлық IV санаттағы облыстық қан орталығының құрылысын жалғастыру да жоспарланған. Биыл республикалық бюджет есебінен нысан құрылысын бастауға 250 млн тенге қаржы бөлінген.

КАДР МӘСЕЛЕСІ ҚАЛАЙ ШЕШІЛУДЕ?

Қай істің де тетігі білімді, білікті мамандардың қолында. Осы орайда аймақ медицинасы салаға мамандар тарту, олардың біліктілігін арттыру, білімін шыңдау барысында жүйелі жұмыстар атқарып келеді.

Бүгінде облыс халқына 2820 дәрігер, 10650 орта буын маман медициналық қызмет көрсетеді. Десек те қазіргі кезде өңірде дәрігер тапшылығы сақталуда. Бұл – барлық облыста өзекті мәселе. Оның өзіндік себептері де жоқ емес. Қолдан келгенше кадр тапшылығын жою мәселесімен күресіп-ақ келеді. Біздің аймақта да солай. Облыс әкімінің қолдауымен жүргізіліп жатқан кешенді іс-шаралар нәтижесінде тапшылық жылдан жылға азаяуда. «Дипломмен – ауылға!» мемлекеттік бағдарламасы аясында ауылдық елді мекендерге жолданған мамандарға көрсетілетін әлеуметтік көмек себеті (үй салуға немесе сатып алуға несие беру, көтермеақы, коммуналдық қызметтер ақысын өтеу, т.б.) өз кезегінде ауылдық медицинаны қажетті кадрлармен қамтамасыз етуге оң әсерін тигізуде. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен өңірдегі тапшы мамандықтар бойынша мамандар даярланып, жас мамандарға 2020 жылдан бастап бірмезеттік әлеуметтік көтермеақы берілуде. Мәселен, 2020 жылы 39 жас маманға 500 АЕК көлемінде жалпы сомасы 54,2 млн тенге, 2021 жылы 20 жас маманға жал-

пы сомасы 29,3 млн тенге, 2022 жылы 20 жас маманға 30,6 млн тенге бірмезеттік жәрдемақы берілді. Айта кету керек, қазіргі кезде елді мекендерге жолданған мамандарға әлеуметтік көмек (тұрғын үйге арналған несие) тек республикалық бюджет қаражаты есебінен беріліп жатыр. Былтыр 159 медицина қызметкері (орта буынды медицина қызметкерлерін қоса алғанда) 730 млн тенге көлемінде әлеуметтік қолдау шарасымен қамтылған. Сонымен қатар былтыр 78 дәрігер жұмысқа қабылданып, олардың 17-сі елді мекендерге жолданды (2021 жылы 84 дәрігер, 24-і елді мекендерге жіберілген). Бұдан бөлек, 2016 жылдан бастап өңірге аса қажетті мамандықтар бойынша 131 резидентке (2016 ж. – 11, 2017 ж. – 11, 2018 ж. – 20, 2019 ж. – 20, 2020 ж. – 29, 2021 ж. – 20, 2022 ж. – 20) облыс әкімінің гранты тағайындалса, 2017-2022 жылдар аралығында медицина саласында сұранысқа ие «Жалпы медицина» мамандығы бойынша мамандар даярлауға облыс әкімінің 147 гранты бөлінді. (2017 ж. – 1, 2018 ж. – 30, 2019 ж. – 40, 2020 ж. – 30, 2021 ж. – 26, 2022 ж. – 20 грант). Бұл шаралар өз кезегінде 2024 жылдан бастап саланы дәрігерлермен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін болады. Алдағы 2-3 жылда дәрігер тапшылығы толығымен жойылды деген болжам бар.

САЛАНЫҢ МАҚСАТТЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Халыққа медициналық көмек көрсетудің тиімділігін арттыру бойынша атқарылған жоғарыдағыдай шаралар нәтижесінде аймақта денсаулық сақтаудың негізгі көрсеткіштерінің оң динамикасы байқалады.

Алдыңғы жылмен салыстырғанда былтыр жалпы өлім-жітім көрсеткіші 23%-ға төмендеді. Қан айналым жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітім көрсеткіші 18%-ға, қатерлі ісіктерден болатын өлім-жітім 9,8%-ға, тыныс алу жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітім 21,8%-ға, туберкулезден болатын өлім-жітім 5,8%-ға, ана өлімі 31,9% төмендеген.

ҮМІТЕРДІ ЖАЛҒАҒАН «АҢСАҒАН СӘБИ»

Саладағы маңызы зор, көтерер жүгі салмақты бағдарламаның бірі – «Ансаған сәби». Мемлекет басшысының қолдауымен 2021 жылдан бастап елімізде жүзеге асып келе жатқан бұл бағдарлама талай жұптың үмітін жалғап, қаншама шанырақтың шырағын жақты.

Облысқа ЭҚҰ жасатуға 2015 жылы 34 квота бөлінсе, 2016 жылы 35, 2017-де 38, 2018-де 38, 2019 жылы 36, 2020 жылы 44 квота қаралған. Тек 2021 жылы ғана аталған бағдарламаның арқасында 281 квота бөлінсе, былтыр оның саны 277-ні құраған. Нақтырақ айтқанда, 2021 жылы бөлінген 281 квота өткен жылдың қараша айына дейін толық игерілген. Оның ішінде 185 жүктілік тіркеліп (65,8%), 69 әйелде түсікпен (37,2%) аяқталған, 96 әйелде (34,2%) жүктілік нәтиже бермеген. 2021 жылы ЭҚҰ арқылы 119 бала туып, 3 отбасында егіз сәбилер дүниеге келген. Ал былтыр 277 квота бөлінген. Жыл басынан бері 161 жүктілік тіркеліп, оның ішінде 42 әйел босанған (26%), 72 әйелде жүктілік түсікпен аяқталған (44,7%), 45 әйел жүктілікке байланысты есепке алынып, бақылауда (27,9%), 98 әйелде ЭҚҰ бағдарламасы нәтижесіз (35,7%), 19 әйел (14,2%) стимуляция (ұрықтандыру) сатысында.

2014 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін 683 отбасы кезекте тұр, 2021 жылы 122, былтыр 462 отбасы кезекте тұрған. Биылға арнайы бағдарлама бойынша 274 квота беріліп, бүгінгі күні 92-сі игерілді. 182 квота жыл аяғына дейін игеріледі деп күтілуде.



кәсібіне шын берілгенін байқайсың.

— «Кондитерлік өнім» жобасы арқылы құжаттарымды тапсырғанмын. Былтыр қыркүйек айында «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамытудың ұлттық жобасы» аясында конкурсқа қатысып, қарашада 1 млн 225 мың теңге көлемінде қайтарымсыз грант ұттым. Ол қаржыға тоназытқыш, пеш, басқа да керектілерді түгендеп алдым. Қазір ауылдағы

АҚСАҚАЛДЫҢ АҚЫЛЫ ЖАСТЫҢ ЖІГЕРІМЕН ҮНДЕСКЕН

Тау етегіндегі ауылда тал-дарак мол. Жазығүні елді мекеннің іші-сыртына көрік сыйлайтыны керемет енді. Жап-жасыл күйі ауылға ажар беретінін жолүсті жүріп, өзіміз де көргенбіз. Біз ауылды аралап жүріп, осы ауылда өсіп-өнген, орман шаруашылығының ардагері Мардымбай Тұртанов ақсақалға жолығып қалдық. Ауылдағы әрбір жаксы бастамаға тілекші қария өз білгенін, жиған тәжірибесін туған

өңірінің атын шығарып жүрген Қанат Мұсабековті мақтан тұтады.

— Балам 6 жастан бері күреспен айналысты. Кейін 6-7 сынып оқитын уақытында ұстазы, білікті бапкер, марқұм Қайрат Оралбековтің тәрбиесінде болып, шынықты. Қанаттың әрбір жетістігінде осы Қайрат ағайынның үлесі өте көп. Ұстазы 2020 жылы пандемия кезінде дүниеден өтті. Ауыл арасы мен аудандық, облыстық долада жеңіске жетіп жүргенде облыстағы Жалаңтөс баһадүр атындағы спорт мектебінде оқып, сонда дайындалды. Кейін Алматыдағы спорт және туризм академиясында оқыды. Расын айтсам, бір кездері баламмен бірге мен де

жаңа технологияларды пайдаланып жатырмыз. Шыны керек, бұрын-сонды өлкеде болмаған бақ орнайды деген үмітіміз зор. Көшеттерді Түркиядан алдырдық, ол жақтан да агроном мамандар келіп, бізге көмектесуде. Құдай қаласа, былл көшеттеріміз жайқалып кетсе, бір-екі жылда өнім алып қалармыз.

Үмбет ағаның айтуынша, көшеттердің барлығы тамшылату әдісімен суарылмақ. Аяқсу жерасты суынан жиналған тоған арқылы арнайы мотормен айдалатын болады. Оған арнайы электр желісін тарту жоспарда тұр.

— Бұл — Сасықбұлақ деген жер. Ата-бабамыз бір ғасыр бұрын сол бұлақ суын пайдаланып, көріз арқылы арнайы тоған жасап, егін еккен. Біз де сол ескі әдісті қолдана отырып, алма бағын қолға алғанбыз. Қосымша әлгі айтқан тоғанымызда балық өсуде. Шымкент қаласындағы арнайы питомниктен 10 мың сазан шабағын алдырып, сонда салдық. Бакты өсіруге «Каратау Прус» шаруа қожалығын құрып, инвесторлар арқылы қаржы мәселесін шешкен сон былтыр желтоқсан айының бел ортасында осы тың жерді игеруді бастап кеттік.

Шыны керек, қыс бойы жұмыс жүргіздік. Қазір Түркиядан келген 75 мың көшет егіліп болып қалды. Жалпы облыс басшысының жеміс-жидек пен көкөніс, бақша дақылдарын көбейту туралы тапсырмасы бар. Оған біздің Жаңақорған жері өбден қолайлы, — дейді бақ жұмысын үйлестіруші Алмас Нәлібаев.

Айта кетейік, жаздық және күздік алманың бірнеше түрін еккен шаруашылық келешекте арнайы койма салмақшы. Өнім Қазақстаннан бөлек, көрші мемлекеттерге де экспортталады. Алдағы уақытта

ҚЫРАШТЫҢ ДАМУЫ КӨҢІЛ ТОҒАЙТАДЫ

АЛДЫМЕН АЗ-КЕМ...

Иә, ауыл тарихына үнелейікші. Қыраштың әу бастағы аты Қызылмақтасы еді. Маңында Қайнарбұлақ деп аталатын алқап бар. 1927 жылы осы маңға қоныстанған шағын жұрт пен артельдердің бірігуімен Токтамыс колхозы құрылыпты. Қызылмақтасы атануы кейіннен. Бір заманда мақта егуден бөлек, мал бағып, егін еккені жайлы айтылады.

1957 жылы Бірлік, Қосүйенкі, Ынтымақ, Талдысу, Қызылмақтасы колхоздары ірілендіріліп, сол уақытта жанадан құрылған «Бірлік» совхозының №2 фермасы болады. Қазіргі Қырашта мал шаруашылығының өркен жайғаны сол кез. 1970-1980 жылдары бұл елдің еншісінде 25 мың қаракөл қойы, 250 жылқы, 200 түйесі болыпты. Өкініштісі, 1990 жылдардың орта шеніндегі жекешелендіру науқанында мұндай байлықты көп ауыл жоғалтып алып еді-ау.

Жалпы бүгінгі Қыраштың іргетасын қалағандар қатарында Ақылбек Есдәулетовтың есімі аталады. Облыс орталығында түрлі басшылық қызмет атқарған, Қармақшы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болған Әбдіразақ Әлібеков, данқты шопан, Қазақ КСР Жоғары кеңесінің депутаты Мәден Мырзахметов, Жүсіпбек Бейімбетов, Қанжарбек Әжібеков сынды азаматтар аты тарихта қатталып тұр. Сондай-ақ шағын ауылдан шығып, бүгін елге танылған азаматтар жеткілікті. Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қаржыгер Қалқазбек Әжібеков, жазушы Жолтай Әлмашұлы, ішкі істер саласында басшылық қызмет атқарған Тастемір Рахимов, запартағы полковник, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Сатыбалды Ділманов, Қызылорда қалалық сотының судьясы Мұхтар Еркінбеков және Орал қалалық сотының судьясы Бақыт Ермахановты қыраштықтар әрдайым мақтан етіп келеді.

Қош, 2005 жылы Ақүйік ауылдық округінен бөлініп, өз алдына елді мекенге айналған Қыраштың тарихына біз қысқаша ғана шолу жасалдық. Негізгі мақсатымыз — бүгінгі ауылдың даму қадамын сөз ету. Соны баяндалдық, ендеше.

«АУЫЛДАҒЫ АҒАЙЫННАН АУЫСПАЙДЫ»

Қырашта жас кәсіпкер жетерлік. Ел ішінен таныса жүріп, бірінші байқағандымыз осы болды. Олар аудан орталығынан табатын кейбір дүниені ауылдан-ақ дайындап отыр. Біз тек бірлі-жарымын мысал етпекпіз. Соның бірі — Ақбота Сәуір. Қыраштық келіншек ауыл ішіндегі үйлену, құда күту, туған күн және арнайы мерекелерге тапсырыспен тәттілер пісіреді. Мемлекеттік бағдарлама көмегімен өз-өзін жұмыспен қамтыған оның

отбасылық мерекелерге тапсырыс алып, түрлі тәтті, торт пісіріп отырмын. Сондай-ақ қосымша жартылай дайын тамақ өнімдерін әзірлейміз, — дейді Ақбота Сәуір.

Ал Рақымжан Оразбеков ауыл ішінен шағын цех ашқан. Негізгі жұмысы — мал азығын дайындау. Көдімгі төрт түліктің қонын беретін, әсіресе, бордақпен айналысып жүргендерге өте қажетті құрама жем шығарады.

Айтпақшы, құрама жем дегеніміз — арнайы рецепт бойынша жасалған мал азығы. Былайынша айтқанда, «комбикорм» деген жем түрін білесіз. Өзінің құрамында бидай ұнтағы, жоңышқа, күнжара, түрлі азықтық өсімдіктер болады. Бұдан бөлек, протеин, кальций фосфаты, тағы басқа минерал заттар мен витаминдері көп өте құнарлы азық.

— Құрама жемге бидай, жоңышқа, күріш күрмегі, жүгері, тағы басқа да қоспалар кететіні белгілі. Біздің ауыл көбіне-көп мал шаруашылығымен айналысқандықтан, қажетті шикізатты Жаңақорғандағы өзге егін ететін ауылдық жерлерден алдырамын. Жалпы кәсіпті бастауға мемлекеттік бағдарламаның жәрдемі тиді. «Бизнестің жол картасы — 2025» бағдарламасы арқылы 5 млн теңге қаражат алдым. Өзім де қосымша қаржы қосып, Қытай мемлекетінен шыққан, жем дайындауға арналған жабдықтарды түгелдедім. Әзірге шыққан өнім ауылдағы ағайыннан ауыспай тұр. Келешекте аудан көлемінде сатылымға шығармақшымын. Әзірге бір келісін 110-120 теңгеден беріп отырмын, — дейді ол.

Рақымжан құрама жемнен бөлек, үй құстарына да арналған жем дайындайды. Шағын цех бір тәулікте 2-3 тонна өнім шығара алады. Оның айтуынша, кәсіп ашуға түрткі болған нәрсе, ол — нарықтағы ет пен сүт құнарының төмен түсіп кетуі. Әрине, құнарлы азық жеген малдың қоны жақсы болатыны анық. Әрі еті мен сүтінің де сапасы жоғарылайды.

— Алдағы уақытта өз кәсібімді кеңейтсем бе деген ойламын. Өзіңіз ойлаңызшы, бізде жайылымдық жердің қысқаруы, түрлі экологиялық жағдайларға қатысты мал етінің сапасы төмен. Күріш кебегінің өзі мал семіруге көмектеспейді. Қазір базардан семіз ет табу қиын, болғанның өзінде бағасы тым қымбат. Егер осындай мал азығын көптеп өндірсек, ет пен сүттің құнары артып, баға да халыққа тиімді болар еді. Ауданда осындай цех көп емес, соны біліп, қиын болса да тәуекел етіп жатқан жайымыз бар, — дейді кәсіпкер.

Иә, Рақымжанның бұл кәсібіне мал бордақылаумен айналысатындар мен қымыз, саумал сауып отырған ауылдағы ағайын да қызығушылық танытып отыр.

Айта кетейік, Қырашта 30 шағын кәсіпкерлік тіркелген, сондай-ақ 16 шаруа қожалығы жұмыс істеп тұр. Қожалықтың барлығы дерлік мал өсірумен айналысады.




ауылының қажетіне әлі де жаратып келеді. Осы көктемде ол Қыраш ауылының көркейту жұмыстарына ұйытқы болып, жастармен бірге көшет отырғызған. Мұны ақсақалдың өзінен бөлек, ауыл әкімі де мақтанышымен айтып қалған.

— Ауылда орта мектептен бөлек, «Жасузақ» жеке балабақшасы жұмыс істейді. Онда 25 бала тәрбиеленуде. Емхана мен клуб, әкімшілік тұрғындарға тұрақты қызмет көрсетіп келеді. Ардагерлер мен әйелдер кеңесі, жастар ұйымы жыл бойы өз жоспарларымен жұмыс жүргізеді. 2017 жылы асар әдісімен жана мешіт салынған. Ауызу мен аяқсу мәселесі шешілген. Ауыл сыртындағы Қайнарбұлақ су көзі елді мекеннің қажетіне өбден жарап тұр. Сондай-ақ 2 млн 700 мың текше метр су кететін тоғанымыз да бар. Ауылдастар сол суды пайдалана отырып, есік алдындағы бау-бақшасын өсіріп отыр, — дейді сөз арасында ауылдық округ әкімі Бақытжан Әжібеков.

Қырашта жүріп тағы бір жақсы істің күәсі болдық. Ауыл жастарының біріккен бастамасымен жана нысанның құрылысы жүруде. Ол — шағын спорт ғимараты. Бұл оқушылар мен жастардың күрестен жаттығуына арналыпты. Ұзындығы 24, ені 12 метр болатын күрес сарайының құрылысына Қыраш ауылынан шыққан сырттағы азаматтар да қаржылай қолдау білдірді. Бүгінде іргетасы қаланған ғимарат асарлатып салынбақ.

— Ел ішінде спортқа ынталы жастар жетерлік. Бәйге мен көкпарға қызығушылар әу бастан бар. Қазір мектептің спорт залында еркін күрестен 42 бала жаттығып жүр. Ал ауыл бойынша есепте 19 бен 35 жас аралығында 282 тұрғын бар. Олардың уақытын тиімді қолдануда түрлі шаралар өткізіп келеміз. Өзіңіз көргендей, күрес сарайынан бөлек, алдағы уақытта жастар демалатын саябақ салуды да жоспарлап отырмыз, — дейді ауылдық округтің жастар ісі жөніндегі маманы Ғасыржан Әбілдақұлы.

Қыраштықтар Қазақстан мен өзге мемлекеттердегі чемпионаттарда еркін күрестен топ жарып, Жаңақорған мен Сыр



жүгіріп, кейде екеуіміз күресетінбіз. Барлық жағынан да қолдау білдіріп келдім. Тіпті бала күнінде көрші ауылдағы жарыстарға артынан жаяу барған кездері болды. Ал Қанаттың қалған бауырларының спортқа бейімі болғанмен, ізіне түскен жоқ, — дейді анасы Гүлсара Мырзабекова.

Қыраштық Қанат — бүгінде еркін күрестен спорт шебері. Жасөспірімдер мен жастар арасында бірнеше рет чемпион атанған ол ересектер арасындағы Қазақстан чемпионатында үш рет жүлделілер қатарынан көрінді. Шет мемлекеттердегі додаларға қатысып, өбден ысылған, қазір Қазақстан құрамасының мүшесі.

ҚЫРАШТЫҢ АЛМАСЫ ҚАШАН ПІСЕДІ?

Қыраштан әрірек 8 шақырым жерде үлкен бақ бар. Мұндағы көшеттердің дені алма жемісінікі. Түрік ағайындармен біріге отырып, 50 гектар жер дайындалып, қоршауға алынған.

— 42 гектар жер аударылып, 32 гектар жерге алманың бірнеше сорттының көшеттерін отырғыздық, — дейді агроном Үмбет Әбибуллаев. — Өзім білім саласының ардагерімін. Бірақ ілгеріден бері осы бау-бақша, әсіресе, жеміс ағаштарын өсіруге құмармын. Былайынша айтса, менің хоббиім десе де болады. Қазір мұнда

тұрақты жұмысқа 10 шақты адам қабылданса, маусымдық кезеңде 90 адамға дейін жұмыс істейтін болады.

Көргеніміздей Қаратаудың киелі таудың етегінде жатқан көп ауылдың бірі — Қыраштың даму қарқыны жаман емес. Ел ақсақалдары мен азаматтары өзінен кейінгі буынға тәлімін аямай келеді. Ұлт пен ұрпақ тәрбиесінде қашаннан қазақ алмаларының орны ерекше. Қыраштық ақ жаулықты аналар ұл мен қыздың түзу өсіп, адами қасиеттен алыстамауы үшін қазақы ғұрып мен дәстүрді бойына сіңіріп жүр. Ел ішінде қуаныш та, қайғы да болмай тұрмайтыны белгілі. Мұндайда бір атаның баласындай тізе қосып, бір-біріне қолдау білдіретін ауыл халқының бірлігіне қуанбай тұра алмайсың.

Тағы бір қуанарлық жаңалық, бұл ауылда кейінгі жылдары бала туу көрсеткіші артқан. Ауыл әкімінің айтуынша, мұны мектептегі бастауыш сыныптардан байқауға болады. Бұрын әр сыныпта 10-15 оқушы болса, бүгінде мектеп табалдырығын аттайтын бала саны 20-25-ке жеткен. Бұл да — ауыл халқының әлеуметтік жағдайының жақсарғанын айғақтайтын бір көрсеткіш.

Иә, қыраштықтардың бірлігі, елдікті сақтаған өнегесі, ынтымағы көпке үлгі.

Жаңақорған ауданы



МЕРЕЙ

Қаламгер құрмет төрінде



А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде жазушы Бегімбай Ұзақбаевтың 75 жылдық мерейтойына арналған «Қаламы қуатты қаламгер» атты кездесу кеші өтті. Б.Ұзақбаев – Халықаралық Жазушылар одағының мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері, Жалаңтөс баһадүр атындағы республикалық қор төрағасының орынбасары, Арал және Қазалы аудандарының құрметті азаматы.

Оның қаламынан «Қарабура», «Сопы Әзиз пір», «Марал баба», «Сартай батыр», «Байқазак», «Алдаспандар рухы» атты тарихи романдар туған. «Тағдыр», «Сырлы сезім», «Бұтақтан өрген бәйтерек», «Шырағың сөнбесін», «Сырымды саған айтам», «Қилы заман-ай», «Шығар күннің шуағы» атты повестері мен әңгімелер жинақтары жарық көрген.

Бұл күндері зейнет жасындағы қаламгер қаламын қолынан тастаған жоқ. Тастамайды да. Журналист-жазушы ісі қазаққа танымал Тұмар ханым, Бактыбай батыр сияқты тарихи кейіпкерлерін сырлы сөзбен сомдау үстінде. Осыдан үш жыл бұрын бес томдық шығармалары жарық көрген жазушының тарихи романдары Алматыдағы Абай атындағы университет қабырғасында оқытылып жатыр.

Бұрынғы Одақ тұсында КСРО Министрлер Кеңесінің Қызылорда облысы бойынша дін істері жөніндегі уәкілі қызметін атқарған Б.Ұзақбаевтың «Мектеп» баспасынан 4 баспа табактық «Дін және жастар» кітабы, бұған қоса діни экстремизм, террористік қауіптің алдын алу мәселелері туралы мазмұнды мақалалары жинақтарда, газеттерде жарық көрген еді.

Қайбір жылдары құқық қорғау тақырыбын қаузаған «Тағдыр» атты хикаяты республикалық жабық

конкурста жүлделі бірінші орынды иеленген қаламгердің қаламы қолында, қағазы алдында. Келер күндерге үкілі үмітін артады. Бұған қоса ол – үлгілі отбасының ақ сақалды қариясы.

Жазушы көптеген прозалық кітап пен әдеби-көркем және деректі повестер, әңгімелер мен хикаяттар, ертегі жазған. Аудармашылықпен де айналысып, балалар жазушысы И.Акимүшкиннің әңгімелерін қазақша сөйлетіп, бүлдіршіндерге тарту еткен. Республикалық және облыстық тақырыптық байқауларға қатысып, бірнеше рет очерктері мен повестері жеңімпаз атанған.

Қаратерен ауылынан шығып, қазақ әдебиетінің тереңіне бойлаған жазушының облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы Мира Қазбекова, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, Қазалы ауданы әкімінің орынбасары Дәурен Тілеуімбаев және тағы басқа Сыр елінің зиялы қауым өкілдері мен құрметті қонақтар құттықтады.

Кеште «Жалантөс баһадүр» спектаклінен үзіндіні Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрының артистері орындап, Сыр елінің өнерпаздары ән мен жырдан шашу шашты.

А.ӘДІЛЖАНҰЛЫ

БӘЙГЕ

Қызылорда облысында бүгін, яғни 22 сәуір күні бәйгеден ҚР біріншілігінің іріктеу кезеңі өтеді. Оған еліміздің үш қаласы мен барлық облысынан шабандоздар келеді деп күтілуде.

Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»

Жүйріктер аламанда сыналады

– Республикалық деңгейде бәйге өткізу үлкен дайындықты қажет етеді. Еліміздің әр өңірінен келген жүйріктерді аламанға әзірлеу, олардың бабын жасау секілді көптеген талап бар. Осындай жауапкершілігі жоғары жарысты біздің өңірде өткізуге қолдау білдірген федерация басшылығына алғыс айтамыз. Бұл шараға облыс әкімдігі қолдау көрсетіп отыр. Бүгінде ипподром сайыс өткізуге толықтай дайын. Өткен бәйгелерге қарағанда тіркелген ат көп. Сайысқа қатысушы спортшылар аламан, топ және құнан бәйгелерінде сынаға түседі. Жүлде қоры – 35,6 млн теңге. Аламан бәйгесінің жеңімпазына «Astana Motors» компаниясының де-меушілігімен автокөлік беріледі. Бәйге өте жоғары деңгейде өтіп, халықтың көңілін көтереді деп сенеміз, – деді облыстық мәдениет және спорт басқармасы басшысының орынбасары Асылжан Жаманқұл.

«Kazpetrol Group» компаниясының PR менеджері Мейрамқұл Ходжаева манызды шараға дайындық өз деңгейінде жүргізілгенін атап өтті. Жарыс кезінде ұлттық дәстүрді ұлықтаған өзге де жобалар ұйымдастырылады. Атап айтқанда, қыз-келиндерге арналған «Ұлттық киім – ұлт ажары» атты костюмдер байқауында алдын

ала есеп бойынша 50-ден астам нәзікжанды өз бағын сынайды. Жүлде қоры – 1 млн теңге. Сондай-ақ, жүлде қоры 500 мың теңгені құрайтын қол күрес, арқан тарту, тір көтеруден сайыстар өткізіледі.

– Сыр өңірінде жүйрік жаратып, бәйге атының бабын жасап жүрген тәжірибелі атбегілер бар. Осындай жанашыр жандардың арқасында қай кезде де өңірде ат спорты кенжелеп қалған жоқ. Бұдан бұрынғы жылдары да талай мәрте бәйге өтті. Қызылордалық шабандоздар мінген жүйріктер мөрені бірінші болып қиып, жерлерестерін көл-көсір қуанышқа кенелтті.

Өзге аймақтардағы бәйгелерде де оза шапқан жүйріктеріміз бар.

Қызылордалық жанкүйерлер тағы бір мәрте айтулы аламанда тамашалауға мүмкіндік алып отыр. Биыл республика бойынша жеті іріктеу кезеңі болады. Ал қорытынды кезеңі Жамбыл облысында өтеді. Бірінші кезеңі Сыр елінен бастау алады. Бәйгеге біздің облыстан қырық ат іріктеліп алынды. Дайындығы өте жақсы. Жалпы еліміздің барлық өңірінен 210 шабандоз өз бағын сынайды, – деді облыстық бәйге федерациясының президенті Әділжан Ізтілеуов.

СЕРГЕК

Мұз үстінде қарлығаштай қалықтап...

Айнадай жалтыраған мұз айдыны. Әуелі шырқалған әуен. Мың бұрала билеген мәнгерлеп сырғанаушылар. Көз алдымызға сонау бір шақтан қалған осы көрініс келе береді. Жұмыр жердегі жампоздар дәлдікті, жинақылықты, әбжілдікті қажет ететін мәнгерлеп сырғанаудан сайысқа түсіп жатқанда «Осындай биіктен қазақ баласы қашан көрінеді?» деген сауал көкейде тұратын.

Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»

Бұл арманымызға беріде қол жетті. Ал Қызылордада ол кейінгі жылдары көкжиегін кеңейте түсті. Элизабет Тұрсынбаева сан алуан сайыста жеңіс тұғырына көтерілді. Жергілікті жерде мәнгерлеп сырғанауға мән берген жас өрендердің қатарының көбеюіне игі ықпалын тигізді.

Облыс орталығында бой көтерген «Мұз айдынына» қазір келушілер саны аз емес. Олардың қатарында жастайынан мәнгерлеп сырғанауға қызыққан балалардың басым болғаны қуантады. Тәжірибелі маманнан тәлім алған өрендер көптеген сайыста алдыңғы лектен көріне бастады. Бұл – ұзақ жылдар бойы жасалған жұмыстың жемісі.

– Қызылордада қыс катал бола бермейді. Сондықтан қысқы спорт түрлері кенжелеп қалған еді. Арнайы кешен салынып, онда жастарға сергектікті серік етуге жағдай жасалды. Алғашқыда «Мәнгерлеп сырғанаудың дамуы қалай болар екен?» деген сауал туындағанын жасыра алмаймыз. Білікті бапкерді қызметке шақырдық. Уақыт өте келе жас өрендердің қатары көбейді. Қай жұмыста да нәтиже бірден көрінбейді. Жоспарымыз бірден жүзеге аса қойған жоқ. Десе де қызылордалық спортшылардың өзге өңірдегі қар-

сыластармен терезесі тең деңгейде ойын көрсетіп, жоғары жетістікке жетуі негізгі мақсатымыздың орындалып жатқанын айғақтайды, – дейді облыстық коньки тебу федерациясының бас хатшысы Байтақ Тұрсынбаев.

Мәнгерлеп сырғанау спортының тарихы терен. Ол алғаш рет Ұлыбританияда пайда болған. Сайыс 1763 жылы Лондонда тұңғыш рет өткізілген, 1742 жылы Шотландия астанасы Эдинбург қаласында жас өрендерге тәлім беретін клуб тұсауын кескен.

Қазір мәнгерлеп сырғанаудың жекелей, жұптасып, топтасып сырғанау және мұздағы би түрлері бар. Үш түрі

Олимпиада бағдарламасына енгізілген, Канада, АҚШ, Франция, Жапония, Оңтүстік Корея сынды мемлекеттерде мәнгерлеп сырғанау кенінен қанат жайған.

Елімізде мәнгерлеп сырғанаудан алғашқы жарыс 1957 жылы өтті. Қазақстандықтар арасында жұптасып сынаға түсуден Е.Стекольников мен Д.Қазарлыға 1996 жылы Харбинде өткен III Қысқы Азия ойындарында алтын, ал 1996 жылы Оңтүстік Кореяның Кангвон қаласында өткен IV Қысқы Азия ойындарында М.Халтурина мен Е.Крюков күміс жүлдені еншіледі. Қазір мәнгерлеп сырғанаушылар үйірмелері Алматы, Астана, Орал, Ақтөбе, Теміртау, Қарағанды, Өскемен, Қызылорда қалаларында жұмыс істейді. 2014 жылы 15 ақпанда Социдегі Қысқы олимпиадада Денис Тен Қазақстан тарихында тұңғыш рет қола медаль жеңіп алды.

– Мәнгерлеп сырғанау – спорттың ең әдемі түрі. Бұл жерде ерекше дарын, шеберлік қажет. Элизабет кезінде канадалық Брайан Орсер деген бапкерден тәлім

алды. Қазір ол Оңтүстік Корея, АҚШ, Жапония, Канада спортшыларына тәлім беріп жүр. Оған дейін де Олимпиада және Әлем чемпиондарын тәрбиелеп шығарды. Сондай-ақ, ол ресейлік Этери Тутберидзеден мәнгерлеп сырғанаудың қырсырын үйренді. Жас буынды баулуға көп жұмыс жасалуы қажет деп санаймын, – деді Б.Тұрсынбаев.

Өткен жылы спорттық мансабын аяқтаған Элизабет Тұрсынбаева бүгінде Алматы қаласында ізбасарларын дайындайтын орталық ашуға көңіл бөлген. Тәжірибелі спортшының тәлімін алуға ықылас білдірген өрендер қатары аз емес.

Мәнгерлеп сырғанаудан облыстың аға жаттықтырушысы Андрей Симакович қазірдің өзінде жоғары жетістіктерге жеткен шәкірттері аз емес екенін атап өтті. Олардың қатарында Артур Смағұлов, Темірлан Яхияев, Диана Жармұхамедова секілді өрендер бар. Әзірге жасөспірімдер қатарында сынаға түсіп жүрген олар алдағы уақытта ересектер арасында ойын көрсетеді.

Бақұл бол, әріптес!



Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Хэртүрлі музыка өнері және география кафедрасының аға оқытушысы, өнертану кандидаты Оспанов Болат Жұмағұлұлы 2023 жылы 18 сәуірде өмірден озды.

Болат Жұмағұлұлы 1961 жылы 1 қазанда Шиелі ауданында дүниеге келген. Ол 1983 жылы Шымкент музыкалық училищесін, 1989 жылы Құрманғазы атындағы Алматы Мемлекеттік консерваториясын бітірген. 2010 жылы Ұлттық ғылым академиясының Әлебиет және өнер институтында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, өңірдегі тұңғыш өнертану кандидаты атанды.

Еңбек жолын 1983 жылы Шымкент облысы, Алғабас ау-

данының өнер мектебінде мұғалім болып бастаған. 1989-2016 жылдары Қорқыт ата атындағы КМУ-да оқытушы, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, 2016-2022 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, «Орындаушылық өнер» кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарған.

Ғалым Сыр бойының төменгі ағысындағы музыкалық эпикалық дәстүрді зерттеумен айналысты. Республикаға белгілі музыкатанушы мақалаларының (50-ден астам) басым көпшілігін отандық және шетелдік беделді журналдарда жарияланған. Сондай-ақ, 3 оқу құралының авторы.

Жаңа ғасыр басында «Сорос – Қазақстан» қорының қолдауымен «Дал» атты музыкалық-этнографиялық еңбегі жарық көрді. Қазақстанда бір дастанның музыкалық мақамын толық түрде нота жазуына түсіру ғалымның осы жеңуінен басталды.

Болат Жұмағұлұлы зайыбымен бірге 2 ұл, 1 қыз тәрбиеледі. Кәсіби білікті маман даярлау ісіне үлес қосып, шәкірттеріне сапалы білім берген әріптесіміздің жарқын бейнесі жалымызда мәңгі сақталды.

Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
ұжымы

Көпбейінді облыстық ауруханасының ұжымы көз аурулар бөлімшесінің офтальмолог дәрігері Байқөбеков Нұржан Қаназымұлына әкесі, медицина саласының ардагері

Қаназым Байқөбековтің

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі

СЫР
МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР

Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті

ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)

«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицикатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.